

ЖШС «Әсем»бөбекжай балабақшасы
№1 хаттамасы

15.09.2022 жыл

Қазығұрт ауылы

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар:16

Қатыспағандар:0

Тақырыбы: Әсем балабақшасының жаңа оқу жылына дайындығы

Мақсаты: Балабақшада оқу тәбие жұмысын ұйымдастыру

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық кеңестің құрмын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақшада педагогикалық ұжымына жылдың жоспары, оқу жоспары, күн тәртібін талдау, талқылау бекіту.
3. Оқыту – тәрбиелеу процесінде пайдаланылатын бағдарламалар педагогикалық техникалар.

Жауапты әдіскер
4. Көмек қажет ететін жас мамандарды анықтап жұмыс жоспарын құру.

Жауапты әдіскер
5. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту

Жауапты әдіскер

1.Тандалды. Балабақша меңгерушісі – Ә.Т.Дөнен

Балабақша меңгерушісі педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп,

баяндама, хабарламалардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұйғарды.

Шешім.

- 1)Педагогикалық кеңестің құрамына меңгеруші, әдіскер, психолог, логопед, музыка жетекшісі, қосымша мамандар тәрбиешілер бекітілсін.
- 2)Педагогикалық кеңес хатшысы болып әдіскер –сайлансын.

2.Тындалды. Балабақша меңгерушісі – Ә.Т.Дөнен

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат міндетімен таныстырып өтті. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің жеке мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

Сөз сөйлеген:- Әдіскер Сулейменова А жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыру арқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды өткізетін жауапты адамда нақты көсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын.

Сөз сөйлеген: Тәрбиеші Ширынханова Г 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жана оқу жылына алған мақсат міндеттерін шешуге арналған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

ШЕШІМ:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, желтоқсан 2022ж, мамыр 2023ж.

ШЕШІМ: Жас мамандармен жұмыс кестесі құрылып – жүзеге асырылсын
Жауапты : Әдіскер

2.Қысқа мерзімді жобаларды жүзеге асыру.

Менгеруші:

Ә.Т.Дөнен

Хатшы:

А.А.Сулейменова